

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау
министрлігіҚазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2020 жылғы 23 қазандағы № ҚР
ДСМ-149/2020 бұйрығы.
Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде 2020
жылғы 26 қазанда № 21513 болып
тіркелдіМинистерство здравоохранения Республики
Казахстан

Созылмалы аурулары бар адамдарға медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру, байқаудың мерзімділігі мен мерзімдерін, диагностикалық зерттеулердің міндетті минимумы мен еселігі қағидаларын бекіту туралы

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7
шілдедегі Қазақстан Республикасының Кодексінің 88-бабының 3-тармағына
сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес созылмалы аурулары бар адамдарға
медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру, байқаудың мерзімділігі мен
мерзімдерін, диагностикалық зерттеулердің міндетті минимумы мен еселігі
қағидалары бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Денсаулық
сақтау министрлігінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық
көмекті ұйымдастыру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында
белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде
мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің
интернет-ресурсына орналастыруды;



«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код



ҚР НҚА ЭББ-гі нақты
құжатқа сілтеу QR-коды

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі

А. Цой

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2020 жылғы 23 қазаны
№ ҚР ДСМ-149/2020
Бұйрыққа
1-қосымша

**Созылмалы аурулары бар адамдарға медициналық көмек көрсетуді
ұйымдастыру, байқаудың мерзімділігі мен мерзімдерін, диагностикалық
зерттеулердің міндетті минимумы мен еселігі қағидаларын бекіту туралы**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Созылмалы аурулары бар адамдарға медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру, байқаудың мерзімділігі мен мерзімдерін, диагностикалық зерттеулердің міндетті минимумы мен еселігі қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 88-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді және созылмалы аурулары бар адамдарға медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) бейінді маман – денсаулық сақтау саласындағы сертификаты бар жоғары медициналық білімді медицина қызметкері;

2) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) – Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтау, медицина және фармацевтика ғылымы, медициналық және фармацевтикалық білім беру, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, медициналық қызметтер (көмек) көрсетудің сапасы саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

3) динамикалық байқау – пациенттің денсаулық жағдайын жүйелі түрде байқау, сондай-ақ осы байқау нәтижелері бойынша қажетті медициналық көмек көрсету;

4) клиникалық хаттама – белгілі бір сырқаттанушылығы немесе пациенттің жағдайы болған кезде, профилактика, диагностика, емдеу, медициналық оңалту және паллиативті медициналық көмек бойынша ғылыми дәлелді ұсынымдар;

5) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (бұдан әрі - МӘМС) – әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының активтері есебінен медициналық қызметтердің тұтынушыларына медициналық көмек көрсету жөніндегі құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық шаралар кешені;

6) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі – міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің қатысушылары арасындағы қатынастарды реттейтін, мемлекет белгілейтін нормалар мен қағидалардың жиынтығы;

7) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (бұдан әрі – ТМККК) – бюджет қаражаты есебінен берілетін медициналық көмектің көлемі.

2-тарау. Созылмалы аурулары бар адамдарға медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру тәртібі, байқаудың мерзімділігі мен мерзімдерін, диагностикалық зерттеулердің міндетті минимумы мен еселігі

3. Созылмалы аурулары бар адамдарға медициналық көмек көрсету Кодекстің 7-бабының 82) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекіткен медициналық көмек көрсету қағидаларына сәйкес пациенттің бекітілген жеріне байланысты алғашқы медициналық-санитариялық және консультациялық-диагностикалық көмек ұйымдарында жүзеге асырылады.

4. Созылмалы аурулары бар адамдарға медициналық көмек көрсетуді қамтамасыз ету Кодекстің 7-бабының 32) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекіткен денсаулық сақтау саласындағы стандарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

5. Созылмалы аурулары бар адамдарға медициналық көмек көрсету асқынулардың, аурулардың асқынуларының алдын алу, олардың профилактикасы және аталған адамдарды медициналық оңалтуды жүзеге асыру мақсатында ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде динамикалық байқау арқылы жүзеге асырылады.

6. Созылмалы аурулары бар адамдарға медициналық көмек көрсету:

1) Кодекстің 7-бабының 82) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекіткен Медициналық-санитариялық алғашқы көмек (бұдан әрі – МСАК) көрсету қағидаларына сәйкес МСАК ұйымдарында динамикалық байқауға жататын аурулардың тізбесі бойынша.

ТМККК шеңберінде МСАК ұйымдарында динамикалық байқауға жататын созылмалы аурулар кезінде байқаудың мерзімділігі мен мерзімдерін, диагностикалық зерттеулердің міндетті минимумы мен еселігі осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес айқындалады.

2) Кодекстің 7-бабының 82) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекіткен Консультациялық-диагностикалық көмек (бұдан әрі – КДК) көрсету қағидаларына сәйкес КДК деңгейінде динамикалық байқауға жататын аурулардың тізбесі бойынша жүргізіледі.

КДК деңгейінде медициналық көмек көрсету ТМККК шеңберінде бейінді мамандардың динамикалық байқауына жататын әлеуметтік мәні бар аурулар кезінде және ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде бейінді мамандардың байқауына жататын созылмалы аурулар кезінде жүзеге асырылады.

ТМККК шеңберінде бейінді мамандардың динамикалық байқауына жататын әлеуметтік мәні бар аурулар кезіндегі байқаудың мерзімділігі мен мерзімдерін, диагностикалық зерттеулердің міндетті минимумы мен еселігі осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес айқындалады.

ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде бейінді мамандардың бақылауына жататын созылмалы аурулар кезінде байқаудың мерзімділігі мен мерзімдерін, диагностикалық зерттеулердің міндетті минимумы мен еселігі осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес айқындалады.

7. Осы Қағидаларға 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес тізбелерде көзделмеген аурулары бар адамдарды байқау, оның ішінде диагностикалық зерттеулер ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек тізбелеріне және клиникалық хаттамаларға сәйкес жүргізіледі.

8. Созылмалы аурулары бар адамдарға медициналық көмек көрсетуді МСАК ұйымдарының және КДК мамандары: МСАК дәрігерлері (жалпы практика дәрігері, учаскелік терапевт дәрігері/ учаскелік педиатр), орта медицина қызметкерлері (учаскелік мейірбике немесе фельдшер) және бейінді мамандар медициналық айғақтарға сәйкес жүзеге асырады.

Көрсетілімдер болған кезде денсаулық сақтау саласындағы әлеуметтік қызметкерлер, психологтар және салауатты өмір салты кабинеттерінің мамандары тартылады.

9. Созылмалы аурулары бар адамдарға медициналық көмек көрсету кезінде МСАК дәрігері:

- 1) алғашқы қарап-тексеруді, ауруларына шағымдары мен анамнезін жинауды, жазуды;
- 2) пациентті физикалық қарап-тексеруді;
- 3) диагностикалық зерттеулердің нәтижелерін бағалауды;
- 4) ауруына қарай пациентті өз-өзіне көмек көрсетуге оқыту нәтижелерін бағалауды;
- 5) дәрі-дәрмекпен және дәрі-дәрмексіз емдеудің жеке жоспарын, пациенттің өзін-өзі бақылау күнделігін қарап-тексеру нәтижелерін, зерттеу деректерін, бейінді мамандардың, СӨС мамандарының ұсыныстарын ескере отырып, түзетуді;
- 6) аурудың ушығу және (немесе) үдеу белгілері айқындалған кезде, стационарлық жағдайларда медициналық байқау үшін көрсетілімдер болған кезде стационарды алмастыратын және (немесе) стационарлық емдеуге жіберуді;
- 7) Кодекстің 7-бабының 32) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекіткен Қазақстан Республикасының халқына медициналық оңалту көрсетуді ұйымдастыру стандартына сәйкес медициналық оңалтуға, медициналық-ақпараттық жүйе болған кезде, электрондық форматта жіберуді;
- 8) халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларына сәйкес медициналық-әлеуметтік сараптамаға (бұдан әрі – МӘС) жіберу үшін құжаттарды, медициналық-ақпараттық жүйе болған кезде, электрондық форматта ресімдеуге ұсыныстар беруді жүзеге асырады.

10. Осы Қағидаларға 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес созылмалы аурулары бар пациенттерде қарап-тексеру нәтижелері бойынша шағымдар, аурулардың ушығу және үдеу белгілері, зертханалық және аспаптық зерттеулер нәтижелерінің нормадан ауытқуы болмаған кезде МСАК дәрігері емдеуді түзетеді, саламатты өмір салтын ұстану бойынша ұсынымдар береді.

11. Осы Қағидаларға 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес созылмалы аурулары бар пациент бейінді маманның қарап-тексеруіне жатады.

12. Бейінді маман МСАК дәрігеріне Кодекстің 7-бабының 31) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша медициналық қорытынды (консультациялық-диагностикалық қорытынды) ұсынады, онда жүргізілген зерттеп-қарау нәтижелері және пациентті одан әрі емдеу бойынша ұсыныстар, медициналық ақпараттық жүйе болған кезде, электронды форматта көрсетіледі.

13. МСАК дәрігері консультациялық-диагностикалық қорытынды алғаннан кейін, бейінді маманның ұсынымдарына сәйкес пациентті одан әрі байқауды жүзеге асырады.

14. Көрсетілім болған кезде пациент ауруының бейініне сәйкес тәуліктік немесе күндізгі стационарға емдеуге жатқызуға жіберіледі.

Созылмалы аурулары бар адамдарға көрсетілетін стационарлық көмек Кодекстің 7-бабының 82) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекіткен Стационарлық көмек көрсету қағидаларына сәйкес көрсетіледі.

Стационарды алмастыратын көмек Кодекстің 7-бабының 82) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекіткен Стационарды алмастыратын көмек көрсету қағидаларына сәйкес көрсетіледі.

15. Күндізгі немесе тәуліктік стационардың дәрігері ауруханадан шығарған кезде Кодекстің 7-бабының 31) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша стационарлық науқастың медициналық картасынан көшірме ресімдейді, онда диагностикалық зерттеулердің, емдік іс-шаралардың көлемі және одан әрі байқау және емдеу бойынша ұсынымдар көрсетіледі. Көшірменің электронды нұсқасы бекітілген жері бойынша МСАК ұйымына жіберіледі.

16. МСАК дәрігері стационарлық науқастың медициналық картасынан, оның ішінде электрондық денсаулық сақтау жүйелерінен көшірмені алғаннан кейін, күндізгі немесе тәуліктік стационар дәрігерінің ұсынымдарын ескере отырып, пациентті одан әрі байқауды жүзеге асырады.

17. Созылмалы ауруы бар адам бекітілген жері бойынша МСАК ұйымына динамикалық байқау үшін үш құжаттың бірінің негізінде есепке қойылады:

1) МСАК дәрігерінің қорытындысы;

2) бейінді маманның консультациялық қорытындысы;

3) стационарлық науқастың медициналық картасынан үзінді көшірмелер.

Динамикалық байқауға алғаш алынған адамдар ресімдеу кезінде учаскелік мейірбике Кодекстің 7-бабының 31) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша амбулаториялық пациенттің медициналық картасына 5-қосымша парақты, оның ішінде Ақпараттық жүйелер арқылы толтырады.

Техникалық мүмкіндік болмаған кезде кейіннен ақпараттық жүйеге енгізе отырып, қағаз түрінде ресімделеді.

18. Емдеуді орындау мониторингін орта медицина қызметкері (бұдан әрі - ОМҚ) жүзеге асырады.

19. ОМҚ қайтадан келген кезде адамдардан жауап алады, физикалық тексеру жүргізеді, осы Қағидаларға 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес зертханалық және аспаптық зерттеулерге жібереді.

20. Шағымдар, физикалық тексеру кезінде аурудың өршу және өршу белгілері, зертханалық және аспаптық зерттеулер нәтижелері көрсеткіштерінің ҚМЖ нормасынан ауытқуы болмаған кезде:

әңгімелесу жүргізеді және салауатты өмір салтын жүргізу бойынша ұсыныстар береді, қажет болған жағдайда СӨС мамандарына жібереді;

асқынулардың даму қаупі жоғары немесе өмірге қауіп төндіретін жай-күйі бар пациентке оларды дамыту кезіндегі іс-қимыл қағидаларын және жедел медициналық көмекті уақтылы шақыру қажеттілігін түсіндіреді;

рецепт жазады;

Кодекстің 7-бабының 31) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекіткен нысанға күнді енгізе отырып, келесі келу күнін белгілейді.

Қарап-тексеру нәтижелері бойынша шағымдар, аурудың асқыну, асқыну және өршу белгілері, зертханалық және аспаптық зерттеулер нәтижелері көрсеткіштерінің ҚМЖ нормасынан ауытқулары болған кезде пациентті МСАК дәрігеріне жоспардан тыс қарап-тексеруге жібереді.

21. Есепке алу құжаттамасын жүргізуді және деректерді ақпараттық жүйеге енгізуді қоса алғанда, динамикалық бақылау мәселелері бойынша ОМҚ жұмысын ұйымдастыруды бақылауды МСАК дәрігері және медициналық ұйымның басшысы жүзеге асырады.

Көрсетілімдер болған кезде созылмалы аурулары бар адамдарға МСАК ұйымы қалпына келтіру емі және медициналық оңалту, арнайы әлеуметтік-медициналық қызметтер көрсете отырып, паллиативтік көмек қызметтерін көрсетеді.

22. Созылмалы аурулары бар адамдарды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету Кодекстің 108-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес жүзеге асырылады.

23. Созылмалы аурулары бар адамдарға динамикалық байқау ауруларды басқару бағдарламасы (бұдан әрі - АББ) шеңберінде де жүргізіледі.

24. Динамикалық байқау кезінде мамандар пациенттерді АББ-ға қатысу үшін үш нозология бойынша іріктейді: артериялық гипертензия, 2-типті қант диабеті, созылмалы жүрек жетіспеушілігі.

25. АББ-ға қатысатын пациенттерді іріктеуге арналған өлшемшарттар мыналар болып табылады:

бастапқы артериялық гипертензиясы (ауыр емес) бар пациенттер;

2-типті қант диабеті (компенсацияланған және субкомпенсацияланған) бар пациенттер;

шығарылуы кемінде 40% фракциясы немесе шығарылуы 40 %-дан жоғары фракциясы және эхокардиография деректері бойынша сол жақ қарыншаның дисталогиялық дисфункциясы бар НҮНА бойынша II-IV сыныпты функциясының созылмалы жүрек жетіспеушілігі бар пациенттер.

26. АББ-ға 25-тармақта жазылған іріктеу өлшемшарттарына сәйкес келетін бірнеше аурулары бар пациенттер тартылуы мүмкін.

27. Пациент АББ-ға қатысуға келіскен кезде, учаскелік мейіргер Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес шарт жасасады.

Учаскелік мейіргер АББ-ға қатысу туралы шарттың электрондық нысанын «Бірыңғай төлем жүйесі» ақпараттық жүйесіне немесе медициналық ақпараттық жүйеге енгізуді қамтамасыз етеді.

28. АББ бойынша пациентті байқауды біліктілікті арттыру туралы тиісті куәлігі бар МСАК учаскесінің мамандары жүзеге асырады. Учаскелік дәрігер (жалпы практика дәрігері, учаскелік терапевт дәрігер (педиатр)) МСАК ұйымы учаскесінің шегінде АББ үйлестірушісі болып табылады.

29. АББ-ны МСАК ұйымдарына тиімді енгізу үшін МСАК мамандарынан, тартылған психологтан, СӨС маманынан, бейінді маманнан және басқа да мүдделі мамандардан тұратын мультидисциплинарлық топ құру ұсынылады.

30. АББ бойынша пациенттерді динамикалық байқау кезінде, МСАК дәрігері мен ОМҚ құзыреті бойынша АББ-ға қатысатын пациентті байқау картасын толтырады. Байқау картасына пациент туралы ақпарат, объективті қарап-тексеру деректері, зертханалық және аспаптық зерттеу әдістерінің нәтижелері енгізіледі.

31. Байқау картасын толтыру пациент МСАК ұйымына әрбір келген кезде, ОМҚ-ның кейіннен АББ пациенттерінің тіркеліміне өзекті деректерді енгізе отырып, жүзеге асырылады.

32. АББ пациенттерінің тіркелімі деректерінің негізінде МСАК дәрігері тұрақты негізде пациенттердің сегментациясын жасайды. Пациенттер сегментациясының нәтижесінде динамикалық байқаудың (МСАК дәрігері мен ОМҚ-ның қарап-тексеруі), зертханалық және аспаптық зерттеулердің қысқалығы, бейінді мамандардың қарап-тексеруі айқындалады.

33. Пациенттерді жоспарланған қабылдауды ұйымдастыруды ОМҚ жүзеге асырады. АББ-ға қатысатын пациенттерді хабардар ету АББ пациенттерінің тіркелімінде қалыптастырылған тізімге сәйкес телефон байланысы, SMS-хабарламалар, әлеуметтік желілілер, мобильдік қосымшалар арқылы жүргізіледі.

34. Пациенттерді хабардар ету (қоңырау шалу) пациентті келесі байқауды қамтамасыз ету үшін зертханалық және аспаптық зерттеулерге шақыру үшін де жүргізіледі.

35. Пациентті өз-өзіне көмектесу элементтеріне оқытуды МСАК мамандары пациенттің жеке ерекшелік деңгейін ескере отырып, қамтамасыз етеді.

36. АББ шеңберінде пациент физикалық жүктемелерді, тамақтану режимін, өмір сүру салтын, жағымсыз қылықтарды жоюды қамтитын қысқа (2 аптадан аспайтын) мерзімге жеке іс-қимыл жоспарын жасайды.

37. Бағдарлама тиімділігінің мониторингі нысаналы индикаторларға қол жеткізу негізінде бағаланады.

38. Созылмалы аурулары бар адамдарды есептен шығару осы Қағидаларға 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес өлшемшарттар және мерзімдер бойынша жүзеге асырылады.

39. МСАК ұйымдарында созылмалы аурулары бар пациенттерді динамикалық байқауды тоқтату үшін мыналар негіз болады:

- 1) бекіту орнын ауыстыру (пациенттің бекітілген орны бойынша МСАК ұйымына актив беруді қамтамасыз ету);
- 2) пациенттің жазбаша бас тартуы;
- 3) пациенттің қайтыс болуы.

**Созылмалы аурулары бар
адамдарға медициналық
көмек көрсетуді ұйымдастыру,
байқаудың мерзімділігі мен
мерзімдерін, диагностикалық
зерттеулердің міндетті минимумы
мен еселігі қағидаларына
1-қосымша**

**Тегін медициналық көмектік кепілдік берілген көлемі шеңберінде
медициналық-санитариялық алғашқы көмек ұйымдарында динамикалық
байқауға жататын аурулардың тізбесі**

| № | АХЖ кодының нозологиз- ясы | Тексеріп-қарау кезеңділігі | | | Зертханалық диагностикалық зерттеу- лердің минимумы | | Байқау мерзімдері |
|--|--|----------------------------|--|---|--|--|--|
| | | ОМҚ тексе- ріп-қарауы | МСАК дәрігері- нің тексеріп-қа- рауы | Бейінді маман- дардың тексеріп- қарауы | зерттеу | жиілі- гі | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| Инфекциялық және паразиттік аурулар | | | | | | | |
| 1 | В (В18, В18,0, В18,1, В18,2, В18,8 қоса алғанда) және С және Д созылмалы вирустық гепатит, бауырдың циррозынсыз. | 3 айда 1 рет | 6 айда 1 рет | жылына 1 рет гастронтеролог және /немесе инфекционист | тромбоциттермен жалпы қан талдауы Қанның биохимиялық талдауы: аланинаминотрансфераза (АЛаТ) аспартатаминотрансфераза (АСаТ), фракциялар бойынша жалпы билирубин, креатинин, альфа фетопротеині (АФП) Коагулограмма: халықаралық қалыпты қатынас (ХҚК) В вирустық гепатитіне (HBV-ДНК) сандық талдауы оң болған жағдайда сапалы В вирустық гепатитінің (HBV-ДНК) полимералық тізбектік реакциясы бауырдың УДЗ | 6 айда 1 рет 6 айда 1 рет 6 айда 1 рет жылына 1 рет | созылмалы В, С (F2 фиброзды сатысында) және D вирустық гепатиті кезінде өмір бойы; С созылмалы вирустық гепатиті (F1 кем фиброз сатысында) кезінде вирусты жойғаннан кейін есептен алынады |

| | | | | | | | |
|-------------------------------|--|--|---|---------------------------|---|-----------------|-----------|
| | | | | | бауырдың түзу емес пульстік эластометриясы (фиброскан) | жылына 2 рет | |
| Қанайналым жүйесінің аурулары | | | | | | | |
| 2 | Артериялық гипертензия: 2.1. Эссенциалды (алғашқы) гипертензия, I10; 2.2. Жүректің гипертензиялық ауруы (жүректі басымырақ зақымдайтын гипертониялық ауру), I11; 2.3. Бүйректерді басымырақ зақымдайтын гипертензиялық (гипертониялық) ауру, I12; 2.4. Жүрек пен бүйректі басымырақ зақымдайтын гипертензиялық (гипертониялық) ауру; 2.5. Салдарлық гипертензия, I15; | орташа және төмен қаупі бар пациенттер үшін 3 айда 1 рет, жоғары және өте жоғары қаупі бар және емдеуге бейімділігі төмен адамдар үшін айына 1 рет | орташа және төмен қаупі бар пациенттер үшін 6 айда 1 рет, жоғары және өте жоғары қаупі бар пациенттер мен емдеуге бейімділігі төмен адамдар үшін - 3 айда 1 рет | жылына 1 рет кардиолог | жалпы несеп талдауы | жылына 1 рет | өмір бойы |
| | | | | | қанның биохимиялық талдауы: төмен тығыздықтағы липопротеидтерді анықтау | жылына 1 рет | |
| | | | | | электрокардиограмма | жылына 1 рет | |
| | | | | | артериялық қысымды тәуліктік бақылау (24 сағат) | жылына 2 рет | |
| | | | | | эхокардиография | жылына 2 рет | |
| 3 | Жүректің ишемия- | 3 айда 1 рет | 6 айда 1 рет | | төменгі тығыздықтағы липопротеидтерді анықтау | | өмір бойы |

| | | | | | | |
|---|---------------------|---------------------|-------------------------------|--|---|------------------|
| <p>лық ауруы: 3.1. Жүрек қыспасы, I20.0 **; 3.2. Жүрек қыспасының басқа түрлері, I.20.8; 3.3. Жүректің созылмалы ишемиялық ауруы, I25</p> | | | <p>жылына 1 рет кардиолог</p> | | 6 айда 1 рет; | |
| | | | | эхокардиография | 6 айда 1 рет; | |
| | | | | электрокардиограмманың холтерлік мониторингі (24 сағат) | жылына 1 рет | |
| | | | | тредмил тест | жылына 1 рет | |
| <p>Жүректің созылмалы ишемиялық ауруы, I 50;</p> | <p>3 айда 1 рет</p> | <p>6 айда 1 рет</p> | <p>жылына 1 рет кардиолог</p> | креатинин | жылына 1 рет | <p>өмір бойы</p> |
| | | | | электрокардиограмма | жылына 1 рет | |
| | | | | эхокардиография | жылына 1 рет | |
| <p>Жүректің созылмалы ишемиялық ауруы, I 50 механикалық қондырғы имплантациядан кейінгі жайкүйі, Z 95.8</p> | <p>3 айда 1 рет</p> | <p>6 айда 1 рет</p> | <p>жылына 1 рет кардиолог</p> | Халықаралық қалыпты қатынас (ХҚҚ) | Нысаналы нәтижеге қол жеткізгенге дейін аптасына 1 рет, кейін айына 1 рет | <p>өмір бойы</p> |
| | | | | Қанның биохимиялық талдауы: креатинин, аланинаминотрансфераза (АЛТ) аспартатаминотрансфераза (АСТ), лактатдегидрогеназа (ЛДГ), бос гемоглобин, жалпы билирубин, қандағы глюкоза, калий, натрий | алғашқы 3 айда – ай сайын, ары қарай 3 айда 1 рет | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|--|---|---|---|---|---|--|---------------|--|---------------|-----------------|--|---------------------|---------------|--|--------------|----------------------------|--------------|--|--------------|--|
| | | | | | <table border="1"> <tr> <td>тромбоциттермен жалпы қан талдауы, қан ағу, қан ұю, ұзақтығы</td> <td>6 ай-да 1 рет</td> </tr> <tr> <td>Натриуретикалық гормон, Виллебранд факторы</td> <td>6 ай-да 1 рет</td> </tr> <tr> <td>эхокардиография</td> <td>алғашқы 3 айда – ай сайын, ары қарай 3 ай-да 1 рет</td> </tr> <tr> <td>электрокардиография</td> <td>3 ай-да 1 рет</td> </tr> <tr> <td>кеуде клеткасы органдарының рентгенографиясы</td> <td>жылына 1 рет</td> </tr> <tr> <td>эзофагогастродуоденоскопия</td> <td>жылына 1 рет</td> </tr> <tr> <td>брахиоцефалды тамырлардың ультрадыбыстық доплерографиясы</td> <td>жылына 1 рет</td> </tr> </table> | тромбоциттермен жалпы қан талдауы, қан ағу, қан ұю, ұзақтығы | 6 ай-да 1 рет | Натриуретикалық гормон, Виллебранд факторы | 6 ай-да 1 рет | эхокардиография | алғашқы 3 айда – ай сайын, ары қарай 3 ай-да 1 рет | электрокардиография | 3 ай-да 1 рет | кеуде клеткасы органдарының рентгенографиясы | жылына 1 рет | эзофагогастродуоденоскопия | жылына 1 рет | брахиоцефалды тамырлардың ультрадыбыстық доплерографиясы | жылына 1 рет | |
| тромбоциттермен жалпы қан талдауы, қан ағу, қан ұю, ұзақтығы | 6 ай-да 1 рет | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| Натриуретикалық гормон, Виллебранд факторы | 6 ай-да 1 рет | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| эхокардиография | алғашқы 3 айда – ай сайын, ары қарай 3 ай-да 1 рет | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| электрокардиография | 3 ай-да 1 рет | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| кеуде клеткасы органдарының рентгенографиясы | жылына 1 рет | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| эзофагогастродуоденоскопия | жылына 1 рет | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| брахиоцефалды тамырлардың ультрадыбыстық доплерографиясы | жылына 1 рет | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 4 | <p>Брахиоцефалдық артерияның экстракраниялдық ауруы:</p> <p>4.1. Цереброваскулярлық аурулар, I65-I69***;</p> <p>4.2. Ми инфаргін тудырмайтын прецеребралдық артерияның бітелуі мен тарылуы, I65</p> | - | - | - | брахиоцефалдық бағанның ультрадыбыстық доплерографиясы | 6 ай-да 1 рет | өмір бойы | | | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|----------------------|------------------|
| <p>4.3. Ми инфар-гіне әкел-мейгін ми арте-риялары-ның біте-луі мен тарылуы, I66</p> <p>4.4. Ми-тамыр-лық бас-ка ауру-лар, I67</p> <p>4.5. Баска айдарлар-да жіктел-ген ауру-лар бары-сында ми тамырлы-рының за-қымдану-лары, I68</p> <p>4.6. Ми-тамыр-лық ауру-лардың салдарла-ры, I69</p> <p>4.7. Қол артерия-ларының эмболия-сы және тромбо-зы, I74.2;</p> <p>4.8. Баска айдарлар-да жіктел-ген ауру-лар бары-сындағы қолқаның қабынуы, I79.1</p> | | | | | | |
| <p>4.9. Ми-дың тор-лы ка-бығы астына қан құйы-лу, I60</p> | - | - | - | <p>тромбоциттер есебімен жал-пы қан талдауы</p> | <p>6 ай-да 1 рет</p> | <p>өмір бойы</p> |
| | | | | <p>халықаралық қалыпты қаты-нас (ХҚК)</p> | <p>6 ай-да 1 рет</p> | |
| | | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|--------------|--------------|------------------------|---|--|-----------|
| | <p>Мидың ішіне қан құйылу, I61</p> <p>Бас сүйек ішіне жаракаттық емес басқа қан құйылу, I62</p> <p>Ми инфаргі, I63</p> <p>Қан құйылу немесе инфаркт ретінде анықталмаған миға қан құйылу, I64</p> | | | | <p>қанның биохимиялық талдауы: липидті спектр, қан глюкозасы</p> <p>Инсульт алған науқастарға брахиоцефалдық артерияның ультрадыбыстық доплерографиясы</p> <p>электрокардиограмма</p> <p>кардиоэмболиялық инсульт алған науқастарға эхокардиографиясы</p> <p>Миішілік қан құюлары бар науқастардың артериялық қысымды тәуліктік бақылауы (АҚТБ)</p> | <p>6 айда 1 рет</p> <p>6 айда 1 рет</p> <p>көрсетілімдер бойынша түзету мен гипотензиялық терапия үшін</p> <p>көрсетілімдер бойынша түзету мен гипотензиялық терапия үшін</p> <p>көрсетілімдер бойынша түзету мен гипотензиялық терапия үшін</p> | |
| 5 | Жүрек қақпақшасының за- | 3 айда 1 рет | 6 айда 1 рет | жылына 1 рет кардиолог | электрокардиография | 6 айда 1 рет | өмір бойы |

| | | | | | |
|---|--|--|--|---|----------------------|
| қымда- нуы: 5.1. Со- зылмалы ревмати- калық жү- рек ау- руы, I05- I09; Қос жар- малы қақ- пақша- ның рев- матика- лық ауру- лары, I05 Қолқа қақпақша- сының ревмати- калық ау- рулары, I06 Үш жар- малы қақ- пақша- ның рев- матика- лық ауру- лары, I07 Бірнеше қақпақша- лардың зақымда- луы, I08 Жүректің ревмати- калық басқа ау- рулары, I09 5.2. Жү- рек қақ- пақшала- рының ревма- тизмдік емес за- қымда- нуы I34- I39 Қос жар- малы қақ- пақша- ның рев- | | | | эхокардиография | жы- лына 1 рет |
| | | | | Холтер бойынша электро- кардиография | жы- лына 1 рет |

| | | | | | | | |
|---|---|--------------|---|------------------------|---|---|-----------|
| | <p>матикалық емес Зақымданулары, I34</p> <p>Қолқа қақпақшасының ревматикалық емес зақымданулары, I35</p> <p>Үш жармалы қақпақшаның ревматикалық емес зақымданулары, I36</p> <p>Өкпе артериясы қақпақшасының зақымданулары, I37</p> <p>Эндокардит, қақпақша анықталмаған, I38</p> <p>Басқа айдарларда жіктелген аурулар барысындағы эндокардит пен қақпақшалардың зақымданулары, I39</p> | | | | | | |
| 6 | Көкірек ортасының фибрилляциясы және трепетаниясы, I48 | 3 айда 1 рет | 6 айда 1 рет. Көрсетілімдер бойынша жиілігі ұлғаюы мүмкін | жылына 1 рет кардиолог | <p>электрокардиография</p> <p>Холтер бойынша электрокардиография</p> <p>эхокардиография</p> | <p>6 айда 1 рет</p> <p>жылына 1 рет</p> <p>жылына 1 рет</p> | өмір бойы |

Қан және қан шығару ағзаларының аурулары

| | | | | | | | |
|----------------------------|---|--|---|---------------------------------|--|--------------|------------------------------------|
| 7 | VIII фактордың тұқым қуалайтын тапшылығы, (D66); IX фактордың тұқым қуалайтын тапшылығы, (D67); Виллебранд ауруы (D68.0); Қан ұйытатын басқа факторларының тұқым қуалайтын тапшылығы (D68.2) | 6 айда 1 рет | 6 айда 1 рет | Жылына 2 рет гематолог | Тромбоциттерді есептеумен қанның жалпы толық талдауы, қан кетудің ұзақтығы, қанның ұюы | Жылына 2 рет | Өмір бойы |
| Тыныс алу жүйесінің ауруы | | | | | | | |
| 8 | Төменгі тыныс алу жолдарының созылмалы ауруы: 8.1. Өкпенің созылмалы обструктивті өкпе ауруы, J44; | 6 айда 1 рет (А, В, жеңіл, орташа) | жылына бір рет (А, В түрі, жеңіл, орташа дәрежедегі); 6 айда 1 рет (С, D түрі, ауыр және өте ауыр) | Жылына бір рет, пульмонолог | спирография | жылына 1 рет | өмір бойы |
| | | 3 айда 1 рет (С, D, ауыр және өте ауыр) | | | пульсоксиметрия | жылына 1 рет | |
| 8.2. Бронхиалды астма, J45 | жылына 1 рет (жеңіл дәреже) 6 айда 1 рет (орташа) 3 айда 1 рет (ауыр) | жылына 1 рет (жеңіл дәреже) 6 айда 1 рет (орташа және ауыр) | жылына бір рет, пульмонолог | спирография | 6 айда 1 рет | өмір бойы | |
| | | | | эхокардиография | жылына 1 рет | | |
| Ас қорыту жүйесінің ауруы | | | | | | | |
| 9 | Жоғарғы асқазан- | 3 айда 1 рет | 6 айда 1 рет | жылына бір рет, гастроэнтеролог | эзофагабаструдодископия | жылына 1 рет | клиникалық және аспаптық құралдар- |

| | | | | | | | |
|----|--|--------------|---------------|-------------------------------|---|---|---|
| | <p>ішек жолдарының ауруы:</p> <p>9.1. Эзофагитпен гастроэзофагеалды рефлюкс, К21.0;</p> <p>9.2. Асқазанның және ұлтабардың ұлпасы, К25-К27;</p> <p>Асқазанның ойық жарасы, К25</p> <p>Он екі елі ішектің ойық жарасы, К26</p> <p>Орналасуы анықталмаған пептикалық ойық жара, К27</p> <p>9.3. Созылмалы атрофиялық және көпфокальды гастрит, К29.4;</p> <p>9.4. Асқазанның полипозы (полипозы), К31.7;</p> | | | | гистологиялық зерттеу - 3 комплекстік категориядағы жедел-биопсиялық материалдарды дайындау | жылына 1 рет | дың болмауы 3 жыл ішінде ауру белгілері |
| 10 | <p>Инфекциялық емес энтерит және колит:</p> <p>10.1. Крон ауруы, К50</p> | 6 айда 1 рет | 1 жылда 1 рет | жылына 1 рет, гастроэнтеролог | <p>күрделіліктің 3 санатындағы операциялық-биопсиялық материалдың 1 блок-препаратын гистологиялық зерттеумен эзофагагастро-дуоденоскопия дайындау,</p> <p>күрделіліктің 3 санатындағы операциялық-биопсиялық материалдың 1 блок</p> | <p>жылына 1 рет</p> <p>жылына 1 рет</p> | өмір бойы |

| | | | | | | | |
|---|--|--------------|--------------|--------------------------------------|---|--|-----------|
| | 10.2. Жаралы колит, К51 10.3. Инфекциялық емес гастроэнтерит және колит, К52 | | | | препаратын гистологиялық зерттеумен фибрэктомоскопия | | |
| 11 | Бауыр циррозы, К70-К76 Бауырдың уыттық зақымдануы, К71 Бауыр қызметінің басқа айдарларда жіктелмеген жеткіліксіздігі, К72 Басқа айдарларда жіктелмеген созылмалы гепатит, К73 Бауыр фиброзы мен циррозы, К74 Бауырдың басқа қабынба аурулары, К75 Бауырдың басқа аурулары, К76 | 3 айда 1 рет | 6 айда 1 рет | жылына 1 рет, гастроэнтеролог | тромбоцитпен жалпы қан талдауы қаннның биохимиялық талдауы: аланинаминотрансферазаны (АЛТ) анықтау, аспартатаминотрансферазаны (АСаТ) анықтау, қан сарысуындағы билирубинді, креатининді, альбуминді анықтау халықаралық қалыпты қатынас (ХҚК) бауыр мен көкбауырдың УДЗ 2 см дейін өспесі бар жағдайда ГЦК диагнозын қою қиын кезінде: бауырдың УДЗ альфафетопротеинді анықтау (АФА) бауырдың түзу емес пульстік эластометриясы эзофагогастроуденоскопия (көрсетілімдер болмаған жағдайда) | 3 айда 1 рет 3 айда 1 рет 6 айда 1 рет 6 айда 1 рет 3-4 айда 1 рет 3-4 айда 1 рет жылына 1 рет 6 айда 1 рет | өмір бойы |
| Сүйек-бұлшық ет жүйесі мен дәнекер тіннің ауруы | | | | | | | |
| 12 | Артропатиялар, дорсопатиялар: 12.1. Ревматоидты | 6 айда 1 рет | жылына 1 рет | жылына 1 рет ревматолог, офтальмолог | жалпы қан талдауы қаннның биохимиялық талдауы: "С" реактивті ақузының (СРА), қан креатининін, қан глюкозасын (глюкортикостероид | жылына 2 рет | өмір бойы |

| | | | | | | | |
|----|---|--------------|--------------|---------------------------|--|--------------|-----------|
| | артрит, М 06-М05; 12.2. Анкилоздаушы спондилит (Бехтерев ауруы), М45; 12.3. Жасөспірімдердің (ювенилдік) идиопатиялық артриті, М08 | | | | қабылдайтын пациенттер үшін) анықтау, аланинаминотрансферазаны (АЛаТ), аспартаминотрансферазаны (АСаТ), қан сарысуындағы билирубинді (цитостатиктерді қабылдайтын пациенттер үшін) анықтау | | |
| | | | | | В, С гепатиттерге, АИТВ иммуноферментті (цитостатиктер қабылдайтын және гендік-инженерлік биологиялық терапиядағы пациенттер) талдау | 6 айда 1 рет | |
| | | | | | зақымданған сегменттің рентгенографиясы | жылына 1 рет | |
| | | | | | жамбас сүйектің рентгенографиясы (жамбас сүйек басының асептикалық некрозы анықталғанда) | жылына 1 рет | |
| | | | | | эзофагогастроуденоскопия (глюкостероидтармен қабынуға қарсы стероидты емес препаратты қабылдайтын пациенттер үшін) | жылына 1 рет | |
| 13 | Дәнекертінінің жүйелі түрде зақымдануы: 13.1. Түйінді полиартерит пен сол тектес жағдайлар, М30 13.2. Басқа өлі еттендіруші васкулопатиялар, М31 13.3. Жүйелі қызыл жегі, М32-32.9 13.4. Дерматополимиозит, | 3 айда 1 рет | 6 айда 1 рет | жылына бір рет ревматолог | қан креатинині | 6 айда 1 рет | өмір бойы |
| | | | | | жалпы қан талдауы | 6 айда 1 рет | |
| | | | | | жалпы несеп талдауы | 6 айда 1 рет | |
| | | | | | қан сарысуында "С" реактивті ақуызды жартылай санды/сапалы анықтау | 6 айда 1 рет | |
| | | | | | қан глюкозасы (глюкостероидтар қабылдайтын пациенттер үшін) | 6 айда 1 рет | |
| | | | | | В, С гепатиттерге, АИТВ иммуноферментті (цитостатиктер қабылдайтын және гендік-инженерлік биологиялық терапиядағы пациенттер) талдау | 6 айда 1 рет | |
| | | | | | жылына 2 рет кеуде қуысы органдарын кешенді рентгенографиясы (цитостатиктер қабылдайтын пациенттер үшін) | 6 айда 1 рет | |

| | | | | | | | |
|---|--|--|--|---|---|--------------|-----------|
| | М33-М33.9 13.5. Жүйелік беріштену (жүйелі склеродермия), М.34-М34.9 13.6. Дәнекер тіннің басқа жүйелі зақымдануы, М.35 | | | | Эзофагогастродуоденоскопия (глюкокортикостероидтармен қабынуға қарсы стероидты емес препаратты қабылдайтын пациенттер үшін) | 6 айда 1 рет | |
| Эндокриндік жүйенің ауруы, тамақтану бұзылыстары және зат алмасу бұзылулары | | | | | | | |
| 14 | Балалардағы 1 типті кант диабеті, E 10 | Диабет қойылғаннан кейін бастапқы 3-6 айда - айына 1 рет, бұдан әрі 3 айда 1 рет | Диабет қойылғаннан кейін бастапқы 3-6 айда - айына 1 рет, бұдан әрі 3 айда 1 рет | Диабет қойылғаннан кейін бастапқы 3-6 айда - айына 1 рет, бұдан әрі 3 айда 1 рет эндокринолог | қандағы гликозириленген гемоглобинді анықтау | 3 айда 1 рет | өмір бойы |
| | | | | | Будак сүзгі жылдамдығының (БСЖ) есебімен қан креатинині | жылына 1 рет | |
| | | | | | кеңейтілген қарашықпен офтальмоскопия | жылына 1 рет | |
| | | | | | электромиография | жылына 1 рет | |
| | Ересектердегі 1 типті кант диабеті, E 10 | 3 айда 1 рет | 6 айда 1 рет | жылына бір рет эндокринолог | қандағы гликозириленген гемоглобинді анықтау | 3 айда 1 рет | өмір бойы |
| | | | | | Будак сүзгі жылдамдығының (БСЖ) есебімен қан креатинині, липидті спектр | | |
| | | | | | кеңейтілген қарашықпен офтальмоскопия | Жылына 1 рет | |
| | | | | | электромиография | Жылына 1 рет | |
| | Қант диабеті E11 - E11.9 | 3 айда 1 рет | 6 айда 1 рет | жылына бір рет эндокринолог | қандағы гликозириленген гемоглобинді анықтау | 3 айда 1 рет | өмір бойы |
| | | | | | Будак сүзгі жылдамдығының (БСЖ) есебімен қан креатинині | | |
| | | | | | кеңейтілген қарашықпен офтальмоскопия липидті спектр | Жылына 1 рет | |
| 15 | | 6 айда 1 рет | жылына 1 рет | | | | өмір бойы |

| | | | | | | | |
|------------------------|---|--------------|---|---|---|------------------|-----------|
| | Қалқанша безі ауруы: 15.1. Диффузды токсикалық зоб. Тиреотоксикоз, E05-E05.9 15.2. Гипотиреоз, E02 | | | жылына бір рет эндокринолог | иммуногемиллюминесценция әдісімен қан сарысуындағы бос тироксинді (Т4), тиреотроптық гормонды (ТТГ), жалпы триодотиронинді (Т3) анықтау | Жылына 1 рет | |
| Жүйке жүйесінің ауруы | | | | | | | |
| 16 | Эпилепсия, G 40 | 6 айда 1 рет | Жылына 1 рет. Көрсетілім бойынша жиілік ұлғаюы мүмкін | жылына 1 рет невролог | электроэнцефалография | жылына 1 рет | өмір бойы |
| 17 | Балалардың сал ауруы, G 80 | 3 айда 1 рет | 6 айда 1 рет | жылына 1 рет невролог | GMFCS шкаласы – балалардың сал ауруы бар балалардың қозғалыс мүмкіндігін анықтау | 6 айда 1 рет | өмір бойы |
| | | | | | Бартел күнделікті өмірдегі белсенділік индексі | 6 айда 1 рет | |
| Жыныс жолдарының ауруы | | | | | | | |
| 18 | Гломерулалық аурулар: 18.1. Бүйректің созылмалы қабыну синдромы, N03; 18.2. Нефроздық синдром, N04; | 3 айда 1 рет | 6 айда 1 рет | жылына 1 рет нефролог | несептегі ақуызды анықтау | 6 айда 1 рет | өмір бойы |
| | Созылмалы бүйрекжеткіліксіздігі (N18), бүйрек зақымдануының терминалдық сатысы (N18.0) | 6 айда 1 рет | Жылына 1 рет | Нефролог жылына 2 рет, қажет болған жағдайда, басқа мамандар айғақтар бойынша | қанның биохимиялық талдауы: креатининді, мочевианы, жалпы холестеринді, жалпы ақуызды, қан сарысуындағы глюкозаны анықтау | 6 айда 1 рет | |
| | | | | | Қанның жалпы талдауы, несептің жалпы талдауы (несептегі ақуызды анықтау) | 3 айда 1 рет | |
| | | | | | Қанның биохимиялық талдауы: креатинин, несепнәр, жалпы ақуыз, калий, натрий, холестерин, глюкоза | 6 айда 1 рет | Өмір бойы |
| | | | | | Бүйрек УДЗ | айғақтар бойынша | |

| | | | | | | | |
|----|---|--------------|--------------|----------------------------------|---|--------------|---------------------------------------|
| | Созылмалы бүйрек жеткіліксіздігінің басқа да белгілері (N18.8) | | | | | | |
| 19 | Бүйректің созылмалы түтік-интерстициалдық қабынуы, N11 | 6 айда 1 рет | Жылына 1 рет | жылына 1 рет нефролог | жалпы клиникалық зәр талдауы (жалпы зәр талдауы) | жылына 1 рет | 3 жыл ішінде рецидивтің болмауы |
| 20 | Қуық асты безінің гиперплазиясы, N40 | 6 айда 1 рет | Жылына 1 рет | жылына 1 рет уролог | иммуногемиллюминесценция әдісімен қан сарысуындағы жалпы қуықасты безі ерекше антигенді (PSA) анықтау | жылына 1 рет | 3 жыл ішінде рецидивтің болмауы |
| 21 | Сүт безінің қатерсіз дисплазиясы, N60 | 6 айда 1 рет | Жылына 1 рет | жылына 1 рет гинеколог, маммолог | маммография (4 сурет), сүт безінің ультрадыбыстық зерттеуі | жылына 1 рет | өмір бойы |
| 22 | Әйелдер жыныс ағзаларының қабынба емес ауруы: 22.1. Эндометрия, N80; 22.2 Әйелдер жыныс ағзаларының түймешігі, N84; 22.3. Жатыр денесінің сілемейлі қабығының без тінді гиперплазиясы, N85.0; 22.4. Жатыр денесінің сілемейлі қа- | 6 айда 1 рет | Жылына 1 рет | жылына 1 рет гинеколог | онкоцитологияға жағынды жинау | жылына 1 рет | Процестің шешімінен кейін 6 айдан соң |

| | | | | | | | |
|--|---|--|--|---|---|--|---|
| | бығының без тінді гиперплазиясы, N 85.1; 22.5. Жатыр мойнының жалақ жарасы мен эктропионы, N86; 22.6. Жатыр мойны сілемейлі қабықтарындағы ақшыл дақтар, N88.0; | | | | | | |
| | Анабездің қатерсіз өспесі, D27 | 6 айда 1 рет | Жылына 1 рет | жылына 1 рет гинеколог | кіші жамбастың ультрадыбыстық зерттеуі | жылына 1 рет | 3 жыл ішінде рецидивтің болмауы |
| Перинаталдық кезеңде пайда болатын жеке жағдайлар | | | | | | | |
| 23 | Бронх-өкпеінің перинаталдық кезеңде пайда болған дисплазиясы, P27.1 | 1 жасқа дейін Айына 1 рет, Бұдан әрі 6 айда 1 рет | Жеңіл дәрежеде 1 жасқа дейін 6 айда 1 рет Бұдан әрі қажеттілікке қарай; Орташа және ауыр дәрежеде 1 жасқа дейін 3 айда 1 рет Бұдан әрі 3 жасқа дейін 6 айда 1 рет, одан соң жылына 1 рет | Бірінші жылы байқауда 3 айда 1 рет, балалар пульмонологы | Keуде қуысы мен көкірек қуысы ағзалардың компьютерлік томографиясы эхокардиография | жылына 1 рет жылына 1 рет | өмір бойы |
| Туа біткен ауытқулар (даму кемістіктері), деформациялар мен хромосомалық бұзылулар (балалар) | | | | | | | |
| 24 | Операциядан кейінгі туа біткен жүрек ақаулары: 24.1. Жүрек камералары мен қосылыстарының туа | 3 айда 1 рет | 6 айда 1 рет | Байқаудың бірінші жылы 3 айда 1 рет құрамында балалар кардиологымен, бұдан әрі көрсеті- | эхокардиография, электрокардиография зерттеулері (12 қашықтық) | Байқаудың бірінші жылы 3 айда 1 рет, содан кейін 6 ай- | 2 жыл, бірақ өкпеінің гипертониясын, қалдық шунды және клапанның жетіспеушілігін сақтауға – өмір бойы |

| | | | | | | |
|---|--|--|-----------------------|--|--|--|
| <p>біткен ауытқулары (даму кемістіктері), Q20;</p> <p>24.2. Жүрек қалқасының туа біткен ауытқулары (даму кемістіктері), Q21;</p> <p>24.3. Өкпе және үш жармалы қақпақшалардың туа біткен ауытқулары (даму кемістіктері), Q22;</p> <p>24.4. Қолқа және қос жармалы қақпақшалардың туа біткен ауытқулары (даму кемістіктері), Q23;</p> <p>24.5. Жүректің туа біткен ауытқулары (даму кемістіктері), Q24;</p> <p>24.6. Ірі артериялардың туа біткен ауытқулары (даму кемістіктері), Q25;</p> | | | <p>лімдер бойынша</p> | <p>электрокардиография зерттеулері (12 қашықтық)</p> | <p>да 1 рет</p> <p>Байқаудың бірінші жылы 3 айда 1 рет, содан кейін 6 айда 1 рет</p> | |
|---|--|--|-----------------------|--|--|--|

| | | | | | | | |
|----|---|--|--|---|---|--------------|----------------------|
| 25 | Туа біткен ақаулары: 25.1. Өнеспітін туа біткен ауытқулары, Q39 25.2. Сүйек-бұлшық ет жүйесінің басқа айдарларда жіктелмеген туа біткен ауытқулары, Q79 | 1-ші 6 ай ішінде айына 1 рет. Содан кейін 1 жылға дейін 3 айға 1 рет. 2 жастан бастап 6 айда 1 рет | 1 жыл ішінде 3 айда айына 1 рет. 2 жастан бастап 6 айда 1 рет | Жылына 1 рет құрамында балалар хирургымен | Q39-мен эзофагагастроудоденоскопия Q79-де кеуде қуысы ағзалардың рентгенографиясы | жылына 1 рет | 3 жасқа дейін байқау |
| | 25.3. Тоқ ішектің туа біткен жоктығы, атрезиясы мен тарылуы, Q42 | | | | Q42-де диагностикалық калибрленген неоанус бужированиесы неоанус (көрсеткіштер бойынша) | | |

**Созылмалы аурулары бар
адамдарға медициналық
көмек көрсетуді ұйымдастыру,
байқаудың мерзімділігі мен
мерзімдерін, диагностикалық
зерттеулердің міндетті минимумы
мен еселігі қағидаларына
2-қосымша**

**Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде
консультациялық-диагностикалық көмек деңгейінде бейінді мамандардың
динамикалық байқауына жататын әлеуметтік мәні бар аурулардың тізбесі**

| р /с № | Аурулар тобының атауы | Тексеріп-қарау кезеңділігі | | Зертханалық диагностикалық зерттеулердің минимумы | | Байқау мерзімдері |
|--------|--|---------------------------------|------------------------------------|---|----------------------|-------------------|
| | | МСАК дәрігерінің қарау-тексеруі | Бейінді мамандардың қарау-тексеруі | Зерттеу | Мерзімділігі | |
| 1 | Туберкулез (A15-A19) | 3 айда 1 рет | 6 айда 1 рет фтизиатр | Кеуде қуысының кеңейтілген рентгенографиясы (1 кескінді) | 6 айда 1 рет | 2 жыл |
| 2 | Адамның иммунитеттілік тапшылық вирусы тудырған ауру (АИВ) (B20-B24) | 3 айда 1 рет | 6 айда 1 рет инфекционист | Гепатобилиопанкреатикалық аймақтың УДЗ, кеуде қуысының рентгенографиясы | Жылына 1 рет | Өмір бойы |
| 3 | Қатерлі және қатерсіз ісіктер (C00-97; D00-09; D37-48, C81-96 басқа) | Жылына 1 рет | Жылына 1 рет онколог | Қанның жалпы талдауы, несептің жалпы талдауы | Жылына 1 рет | Өмір бойы |
| | | | | Қанның биохимиялық талдауы: жалпы ақуыз, креатинин, несеп қышқылы, глюкоза, тікелей және жалпы билирубин, сілтілі фосфатаза, аланинаминотрансфераза, аспартатаминотрансфераза | Жылына 1 рет | |
| | | | | Құрсақ қуысы ағзаларының УДЗ, Кіші жамбас ағзаларын УДЗ (трансабдоминальды), Қуық асты безі мен қуықты қалдық несепті анықтаумен УДЗ | Жылына 1 рет | |
| | | | | Кеуде мүшелерінің рентгенографиясы | Жылына 1 рет | |
| | | | | Басқа органдардың МРТ | көрсеткіштер бойынша | |

| | | | | | (3 жылда 1 рет) | |
|---|--|--------------|---------------------------------|--|--------------------------------------|-----------|
| | | | | Басқа органдардың КТ | көрсеткіштер бойынша (3 жылда 1 рет) | |
| 4 | Лимфоидты, қан түзетін және оларға ұқсас тіндердің қатерлі ісіктері (C81-96) | 6 айда 1 рет | Жылына 2 рет онколог, гематолог | Ретикулоциттер санын анықтаумен және эритроциттерді морфологиялық зерттеумен қанның жалпы талдауы | Жылына 2 рет | Өмір бойы |
| 5 | Миелодиспластикалық синдромдар (D46), созылмалы миелопролиферативті ауру (D47.1) | 6 айда 1 рет | Жылына 2 рет онколог, гематолог | Ретикулоциттер санын анықтаумен және эритроциттерді морфологиялық зерттеумен қанның жалпы талдауы | Жылына 2 рет | Өмір бойы |
| 6 | Гемолитическалық анемиялар (D 56; D 56.0-D 56.2; D 56.4; D 57; D 57.0-D 57.2) | 6 айда 1 рет | Жылына 2 рет гематолог | Ретикулоциттер санын анықтаумен және эритроциттерді морфологиялық зерттеумен қанның жалпы талдауы | Жылына 2 рет | Өмір бойы |
| | | | Жылына 1 рет онколог | Зәрдің жалпы талдауы Қанның биохимиялық талдауы: жалпы билирубин және оның фракциялары, аланинаминотрансфераза, аспаратаминотрансфераза | | |
| 7 | Пароксизмальді түндік гемоглобинурия (Маркиафавы-Микели) (D 59.5) | 6 айда 1 рет | Жылына 2 рет гематолог | Ретикулоциттер санын анықтаумен және эритроциттерді морфологиялық зерттеумен қанның жалпы талдауы | Жылына 2 рет | Өмір бойы |
| | | | Жылына 1 рет онколог | Қанның биохимиялық талдауы: билирубин және оның фракциялары, сарысулық темір | Жылына 1 рет | |
| | | | | Эритроциттердің осмотикалық резистенттілігін зерттеу, эритроциттердің диаметрі мен сфералық индексін анықтау (Прайс-Джонс қисығы) | | |
| | | | | Гемоглобин электрофорезі | | |
| | | | | Глюкозо-6 фосфатдегидрогеназа, пируваткиназа ферменттерінің деңгейін анықтау | | |
| | | | | Кумбс сынағасы | | |
| Көкбауыр және бауыр тамырларының ультрадыбыстық доплерографиясы | | | | | | |
| 8 | Анықталмаған апластикалық анемия (D 61.9) | Жылына 1 рет | Жылына 2 рет гематолог | Ретикулоциттер санын анықтаумен және эритроциттерді морфологиялық зерттеумен қанның жалпы талдауы | Жылына 2 рет | Өмір бойы |
| 9 | Идиопатиялық тромбоцитопениялық пурпура (D 69.3) | 6 айда 1 рет | Жылына 2 рет гематолог | Тромбоциттерді есептеумен қанның жалпы толық талдауы, қан кетудің ұзақтығы, қанның ұюы | Жылына 2 рет | Өмір бойы |
| 10 | Лангерганс жасушаларынан гистиоцитоз, басқа айдарларда жіктелмеген (D 76.0) | Жылына 1 рет | Жылына 1 рет эндокринолог | Жалпы қан талдауы; Қанның биохимиялық талдауы; | Әр 3-6 ай сайын | Өмір бойы |
| | | | | Рентгенологиялық зерттеу | Әр 3-6 ай сайын | |

| | | | | | | |
